

Ұлы орыс халқы

Естен кетпейтін даңқты күн, 24 май-
да, Үлкен Кремль Сарайында Отанымыз-
дың қолбасшылары кәсіптің төңірегіне
жыйналған күні, совет халқының, ең
алдымен Советтер Одағындағы барлық
ұлттар ішіндегі ең ерекше ұлт — орыс
халқының саулығына тост көтерген Ста-
лин жолдастың қошаметті сөздері бүкіл
дүние жүзіне естілді.

Сталин жолдастың асыл сөздері еліміз-
дегі және басқа елдердегі сан миллион
адамдардың ойындағысын айтты. Украин-
наның жайқалған жазық даласында, Бел-
орусияның қалың ормандарында, Польша-
да, Карпат асуларының арғы жағында,
азат етілген Чехословакияда, қаһарман
Югославияда — барлық жерде орыс хал-
қы мадақтайды, орыс адамдары алдында
меймандыстықпен есік ашады, орыс
адамдарын құттықтайды, орыс адамының
еңі қуаныш, шаттық туғызады.

Орыс халқы осындай тарихи даңққа
жеткені, бұған лайықты еңбек сіңірді.
Әлінің Отанына шын берілгендігімен, өз
правосын қорғаған күрестегі табандылығымен,
басқа ұлттардың правосын хұр-
меттеуімен орыс халқы үнемі көзге түсін
келді. Орыс халқы дүниеге жоғары
идеялар тарту етті. Бұл идеялар орыс
халқының ұлы жазушыларының, білім-
паздарының, философтарының, револю-
цияшыларының шығармаларымен бүкіл
дүние жүзіне тарады. Ұлы орыс ұлты
Плеханов пен Ленинді, Белинский мен
Чернышевскийді, Пушкин мен Толстойды,
Глинка мен Чайковскийді, Горький мен
Чеховты, Сеченов пен Павловты, Рерих
мен Суриковты, Суворов пен Кутузовты
туғызды. Ресей орыс мәдениетінің дүние
жүзілік маңызы бар ең зор табысы — ле-
нинизмнің отаны болып отыр.

Орыс халқы мұнымен бірге әртәйым
ақ ниетті, ардақты жауынгерлік ерліктің
несі болып келді. Орыс халқы ешқашан да
басқыншылар алдында тізе бүкпеді, бос-
таңдығы мен тәуелсіздігі үшін қыйын-

дас, — үкіметке: үмітімізді ақтамадыңдар,
енді тайып отырдыңдар, біз Германиямен
бітім жасап, тыныштығымызды қамтама-
сыз ететін басқа үкімет құрамыз деген бо-
лар еді. Бірақ орыс халқы оған барған
жөк, өйткені өз үкіметінің саясатының
дұрыстығына сенді, сондықтан ол Герма-
нияны талқандауды қамтамасыз ету үшін
құрбандық беруден тартынбады.

Орыс халқы Германияны толық жең-
генге дейін жанқиярлықпен күресе берді,
өйткені оның айқын ойы оған бірден-бір
дұрыс жолды көрсетті. Орыс халқы, со-
ғысқа дейін ССР Одағы халықтарының
социалистік құрылыста тамаша табыстар
ға жетуін қамтамасыз еткен өзінің үкіме-
тіне мейлінше сенді және сенеді. Больше-
виктер партиясының басшылығымен, со-
веттік демократия жағдайында, бүрын
артта қалған кедей еліміз тарихи кысқа
мерзімнің ішінде гүлденген өнеркәсіпті-
көлхозды қуатты мемлекетке айналды.

Большевиктер партиясы, Сталин жол-
дас бастап отырған совет үкіметі бірден-
бір халық үкіметі, Отанымыздың мүдделеріне
шын берілген үкімет екенін орыс
халқы білді. Соғыстың бас кезінде ұрыс-
тарда уақытша сәтсіздікке ұшырауымыз
халқымыздың совет өкіметіне сенімін бо-
саңсыз алмады. Бізді тек совет өкіметі
құтқаратынын, бізді тек Сталин жолдас
көрсеткен жол жеңіске жеткізетінін, тек
осы жолмен жүргенде ғана күшті және
хауіпті жауды жеңетінімізді халқымыз
білді.

Кездескен ауыр сын-дар халқымыз бен
үкіметімізді одан сайын біте қайнастыр-
ды. Орыс адамдары барлық ұлттардың
совет адамдарын өз төңірегіне топтасты-
рып, Москваға, Ленинградқа, Еділге бас-
тайтын жолдардың бойында берік қамал
болып тұрды. Орыс халқының большевик-
тер партиясына, Сталин жолдасқа шексіз
сенімі, оның данышпандығына, оның бас-
шылығына сенімі, туысқан совет өкіметі
негі талап етсе, соның бәрін орындауға

Германияның жеңілуі туралы және одактас төрт мемлекет Үкіметтерінің жоғарғы өкмет билігін өз қолдарына алуы туралы Декларацияға қол қойылуы

Германияның жеңілуі және Советтік Социалистік Республикалар Одағы
Біріккен Корольдік, Америка Құрама Штаттары Үкіметтерінің, Француз
Республикасы Уақытша Үкіметінің Германия жөнінде жоғарғы өкмет
билігін өз қолдарына алуы туралы

ДЕКЛАРАЦИЯ

Германияның жер бетіндегі, теңіздегі және әуедегі қарулы күштері толық
жеңіліп, сөзсіз тізе бүкті. Соғысқа жауапты болатын Германия енді жеңуші мем-
лекеттердің еркіне қарсы келе алмайды. Сөйтіп, Германияның сөзсіз тізе бүгуі
жүзеге асырылды. Германия қазір немесе кейіннен өзіне қойылатын талаптарға
бағынышты болып қалды.

Германияда тәртіп сақтауға, елді басқаруға және жеңуші мемлекеттердің
талаптарын орындауға өзі жауапты бола алатын орталық үкімет немесе өкмет жоқ.

Кейіннен Германия жөнінде қабылдануы мүмкін қарарларға зиян келтірмес-
тен, Германия қарулы күштерінің мұнапбылайғы соғыс қыймылдарын тоқтату,
Германияда тәртіп сақтау, елді басқару туралы бұйрық беру және Германия
орындауға міндетті тікелей талаптарды жариялау нақ осы жағдайларда хажет
болып отыр.

Советтік Социалистік Республикалар Одағының, Біріккен Корольдіктің, Аме-
рика Құрама Штаттарының және Француз Республикасының Жоғарғы командова-
никелерінің, кейінгі жерде «одактастардың өкілдері» деп аталатын өкілдері тиісті
үкіметтердің тапсыруы бойынша және Біріккен Ұлттардың мүддесіне лайық іс
ете отырып, бұған сәйкес Декларация жариялайды:

Советтік Социалистік Республикалар Одағының, Біріккен Корольдіктің, Аме-
рика Құрама Штаттарының Үкіметтері және Француз Республикасының Уақытша
Үкіметі осы Декларация бойынша Германиядағы өкмет билігін, оның ішінде Гер-
манияның үкіметі, Жоғарғы командованнесі және қандай да болса облыстық, қал-
алық немесе жергілікті үкіметі немесе өкмет орындары мен жеңуші мемлекет
билігін өздерінің қолына алады. Жоғарыда көрсетілген мақсатпен мұндай өкмет
билігін, праволар мен өкілдіктерді өз қолына алу Германияны басып алғандық
болып табылмайды.

Советтік Социалистік Республикалар Одағының, Біріккен Корольдіктің, Аме-
рика Құрама Штаттарының Үкіметтері және Француз Республикасының Уақытша
Үкіметі кейіннен Германияны немесе оның қандай да болса бір бөлегінің шекара-
сын және Германияның немесе қазіргі уақытта Германия жерінің бір бөлегі
болып отырған әрбір ауданының ересесін белгілейді.

Төрт Үкімет өз қолдарына алған жоғарғы өкмет билігі, праволар мен өкілдік
тер бойынша одактастардың өкілдері, Германияның толық жеңіліп, сөзсіз тізе
бүгуінен туатын Германия орындауға міндетті мынадай талаптарды жариялайды:

1-СТАТЬЯ

Германия және Германияның барлық соғыс, соғыс-теңіз, соғыс-әуе өкмет
орындары және Германияның бақылауындағы қарулы күштерінің бәрі барлық
соғыс майдандарында, жер бетінде, теңізде, әуеде Біріккен Ұлттардың қарулы
күштеріне қарсы соғыс қыймылдарын дереу тоқтатады.

2-СТАТЬЯ

а) Германияның немесе Германияның бақылауындағы қарулы күштердің бә-
рі, қай жерде тұрса да, оның ішінде жер бетіндегі, әуедегі күштері, әуе шабуы-
лына қарсы және соғыс-теңіз күштері, СС, СА және гестапо, сол сияқты қаруы
бар басқа күштерінің немесе көмекші ұйымдарының бәрі қарусыздандырылып,
олардың қару-жарағы мен мүлкі одактастардың жергілікті қолбасшыларына неме-
се одактастар өкіл етіп тағайындаған офицерлерге тапсырылады.

в) Жоғарыда «а» пунктінде аталған барлық әскер күштерінің құрамалары
белгілі бір аумақта қалып қойып, қайыптан тиісті қараулар шығарылғанға дейін тиісті

2) Бұған байланысты одактастардың өкілдері талап ететін әрбір мәл-
ісп документ тапсырылып тұруға тиіс.

с) Одактастар әскерлерін, олардың мекемелерін, мүліктерін және жабды-
қтарын темір жолдармен, тас жолдармен және жер бетіндегі басқа жолдар
немесе теңізбен, өзендермен я болмаса әуемен тасуға керекті құралдардың
одактастар өкілдерінің талап етуі бойынша тапсырылып тұруға тиіс. Тас-
қулардың бәрі төртіннен бүтін сақталуға және бұған керекті жұмысшы к
жабдықтар беріп, қызмет істеуге тиіс.

6-СТАТЬЯ

а) Одактастар белгілейтін төртін бойынша Германияның өкмет орындары
одактастардың өкілдеріне өздерінің билігіндегі, Біріккен Ұлттардың қарулы к
терінде болған соғыс тұтқындарының бәрін тапсыруға және бұл адамдардың
манияда, Германия басып алған жерлерде тұтқында болған орындарын көрсе-
толық тізімдерін тапсыруға тиіс. Мұндай соғыс тұтқындары азат етілгенге д
Германияның өкмет орындары мен халқы олардың өмірі мен мүлкін сақтап,
ржесі мен атағына сәйкес оларды жеткілікті тамақпен, киіммен, баспана
дәрігерлік жәрдеммен және қаржымен қамтамасыз етуге тиіс.

в) Германияның өкмет орындары мен халқы Біріккен Ұлттардың тоқтам
лынған немесе басқа түрде шек қойылған басқа азаматтарының бәрін, саяси
ғынан немесе басқа нәсілден, басқа тұқымнан болуы, діні немесе саяси көз-
расы себепті зорлық көрсетуді көздеген нацистік шаралар, заң не қаулы бой-
ша тұтқынға алынған, тоқтам салынған не басқа түрде шек қойылған адам-
дың бәрін осындай жолмен қамтамасыз етіп, босатуға тиіс.

с) Германияның өкмет орындары одактастар өкілдерінің талап етуі бой-
ынша, тұтқын орындары, бұл мақсатпен одактастардың өкілдері болып белгі-
лін офицерлердің бақылауына тапсыруға тиіс.

7-СТАТЬЯ

Германияның тиісті өкмет орындары одактастардың өкілдеріне:

а) 2-Статьяның «а» пунктінде көрсетілген қарулы күштер жөнінде т
мәлімет беріп отыруға тиіс, оның ішінде Германияның өз ішінде немесе Ге-
маниядан тыс жерде болса да, оған қарамастан мұндай қарулы күштердің
саны, орналастырылуы және тұрған жері жөнінде одактастардың өкілдері
ететін барлық мәліметтерді дереу тапсыруға тиіс.

в) Миналар, миналы алаңдар және жер бетінде жүруге, теңізде жү-
еуеде ұшуға бөгет болатын басқа кедергілер, сол сияқты хауіпсіз жолдар
лы егжей-тегжейлі толық мәлімет тапсыруға тиіс. Мұндай хауіпсіз жолда
бәрі ашық ұсталып, айқын көрсетілуі керек; миналардың, миналы алаңда
және басқа хауіпті кедергілердің бәрі мүмкіндігіне қарай зиянсыздандыры-
тісі, кемелердің жүзу жолдарындағы құралдардың бәрі қалпына келтірілуге
Германияның қарусыз әскері және жай қызметкерлері тиісті жабдықтармен
тапсырылып, жоғарыда көрсетілген мақсат үшін және миналарды жыйнап
миналы алаңдарды зиянсыздандыру және одактастар өкілдерінің көрсетуі бой-
басқа кедергілерді жою үшін пайдаланылуға тиіс.

8-СТАТЬЯ

Қандай да болса соғыс, соғыс-теңіз, әуе, көме, порт, өнеркәсіп және
көмекші жабдықтары мен мүліктері, сол сияқты барлық документтер мен арх

ың айтқан сөздері өте орынды. Держанның орыс халқы туралы: «Қуатын қайтмайтын, рухын жеңілмейтін, жүрегің іші пейілді, сезімің қайырымды, бақыты күнде момын, бақытсыздық күнде ер-піл» деген сөздері қазірде де құлаққа ыны естілмейме.

Ұлы Ленин саналы ұлы орыс жұмысшыларына тән ұлттық мақтаныш сезімі туралы айтты. Ол: «Біз өзіміздің тіліміз- және өзіміздің отанымызды сүйеміз, біз оның еңбекшілер бұқарасын... демократтар мен социалистердің саналы өмірі әрежесіне жеткізуге бәрінен де көп еңбек етеміз» деп жазды. Ленин, Маркс пен Энгельстің: «Басқа халықтарды езіп-тырған халық ерікті халық бола алмайды» деген сөздерін еске түсірді. Сондықтан ол басқа халықтармен адамзатқа ла-зықты теңдік негізінде қарым-қатынас асап отыратын Ресейді арман етті. Ұлы Октябрь Социалистік революциясында Ле-нин мен Сталин осындай жаңа Ресейді нағатты. Ұлы Октябрь Социалистік рево-люциясында орыс халқы өзі үшін және іміздегі басқа барлық халықтар үшін бостандыққа жетті. Большевиктер партия-сы бастаған, Ленин-Сталиндік ұлт саяса-ты қолданған орыс халқы Ресейдің ырың әлсіз болған, артта қалған халық-тарының иешеме ғасырлық мұхтаждық-тан арылып, өздерінің мәдениетін және мемлекетін құруына, шаруашылық жағы-нан нығайтуына көмектесті.

Орыс халқы ұлы Советтер Одағында-ғышы халық болуының себебі тек оның-дан жағынан ең көп халық және өзінің-деннелі-шаруашылығы жағынан ең-ат халық болғандығынан ғана емес. Бөст, орыс халқының отаншылдығы өз-атын «таңдаулы», «асыл» ұлт деп дә-птеушілікпен, басқа ұлттарды жеке-сұ-ан көрушілікпен ешқандай байланысты-ес. Орыс халқының ұялылығы, орыс-алқының отан соғысы жылдарында,-ыс халқы өзінің ерлік, табандылық-ресімен, жанқиярлығымен өзінің жоға-т идеяларына, революцияның табыста-нашын берілгендігімен ССР Одағының-арлық халықтарын өз тәңірегіне берік-птастырған кезде айқын көрсеткен кү-і міне осында.

Орыс халқының айқын ойы, тұрақты-незі және төзімділігі қазіргі соғыстың-ы оқығалары тұсында ерекше көрін-ді. Отанымыз 1941 және 1942 жылдар-ы, Қызыл Армия шегінген кезде, біздің-сқа амалымыз болмаған кезде орасан-ыр халға ұшырады. «Басқа халық болса,—деді Сталин жол-

Сталин жолдас осылай деді. Қазіргі уа-қытта барлық орыс адамдары тамаша-шаттануда. Төрт жылғы арпалысқан кү-рестің естен кетпейтін талай күндері қа-зір көз алдымызға келеді! Бізді әділетті-ұлы ісімізді қорғауға шақырған совет үк-метінің алғашқы ұраны естілген сағатта орыс жұмысшыларының, шаруаларының, интеллигенттерінің сабырлы, жігерлі ер-лік бейнелері қазір көшегідей көз алды-мызда. Туған елі үшін жауға қарсы кес-кілескен ұрысқа шыққан орыс адамдары-көз алдымызда. Ноябрь айының қараңғы-түнінде Сталинградтың іргесінде Ұлы ша-буыл бастаған орыс батырлары көз ал-дымызда. Отанымызды құтқару үшін туыс-қан совет өкметін қорған қалу үшін жанқиярлықпен жұмыс істеп жатқан орыс жұмысшылары мен колхозшылары көз алдымызда.

«Солай, бізде ұлттық өмір бар. Біз дүние жүзіне келелі сөзімізді айтуға, ойымызды білдіруге міндеттіміз...» деп жазды бұдан 100 жыл бұрын орыс хал-қы туралы жалынды отаншыл Виссарион Белинский. Оның бұл ұлы сөздері Ленин мен Сталин заманында жүзеге асты. Со-вет мемлекетін, дүние жүзіндегі ең де-мократияшыл мемлекетті орнатқан орыс халқы адамзатқа ардақты, сәулетті, азат-тық идеялар берді. Адамзаттың жауы — герман империализміне қарсы халықтар-дың ұлы күресінде орыс халқы прогресс-туын, барлық халықтардың бостандығы-туын, демократия туын, ұлттар теңдігі-нің туын жоғары көтерді.

Жеңіс үшін, Отанымыздың даңқы мен қуаты үшін орасан көп құрбандық бер-ген орыс халқының бақыт жұлдызы бү-кіл дүние жүзіне, барлық адамзатқа жол көрсетіп жарқырауда. Еуропаның онда-ған халықтары қазір өздерінің азаттығын-іскерлен. Ресейге, Ұлы Советтер еліне Ленин мен Сталин еліне айғыс айтуда.

Әрбір совет, әрбір орыс аламы туған-халқының даңқын мақтан етіп, больше-виктер партиясына алғыс айтуда. Боль-шевиктер партиясы бізді осындай даңққа осындай жана салтанатқа жеткізді. «Ең-бекшілер қалың бұқарасы жігерінің мұн-дай тез және мұндай күшпен дамуы, мұн-дай бейдағы жігердің құдіретті, рух бе-руші, жаратушы күшке айналуы адам-заттың бүкіл тарихында ешқашан бол-лып көрген емес» деген Горькийдің сөз-дері еш қашан естен кетпейді.

Ленин-Сталин партиясы қалың бұха-раның осы ұлы жігеріне сүйене отырып, Отанымызды бұдан былайда гүлденуге, жана даңққа бастайды.

(«Правданың» баспақаласы).

дың өкілдері беретін нұсқаулар бойынша көшіріледі.

е) Тәртіп сақтау және күзет қызметін атқару үшін тек қол қаруымен ғана құралдануға тиісті азаматтық полиция отрядтары өкілдері белгілейді.

3-СТАТЬЯ

а) Қандай түрде және қандай мемлекеттік болса да, Германиядан немесе Германия басып алған немесе бақылап келген жерлерде тұрған соғыс, теңіз са-молеттерінің және жай самолеттердің, одақтастарға қызмет ететіндерінен басқала-рының бәрі кейіннен бұйрық берілгенге дейін жер бетінде, су бетінде немесе ке-мелердің үстінде қалуға тиіс.

в) Германия басып алмаған және Германия бақылап отырмаған жерлердегі немесе сулардағы Германияның немесе Германияның қарамағындағы самолеттер-дің бәрі Германияға немесе одақтастардың өкілдері көрсететін басқа жерлерге жі-берілуге тиіс.

4-СТАТЬЯ

Осы Декларация шығарылған кезде қай жерде тұрса да, Германияның немо-се оның бақылауындағы соғыс-теңіз кемелерінің, су бетіндегі және су астындағы кемелердің, көмекші кемелердің, сол сияқты сауда кемелерінің және басқа кеме-лердің бәрі, қай ұлттық болса да, Германия порттарында тұрған басқа сауда ке-мелерінің бәрі орындарында қалуға немесе тезінен одақтастардың өкілдері көрсет-кен порттарға немесе базаларға баруға тиіс. Бұл кемелердің командалары кейін-нен бұйрық берілгенге дейін сол кемелерде өз орындарында қалуға тиіс.

в) Осы Декларация шығарылған кезде, кемелерді тағайындау сотының нәти-жесінде не басқа жолмен иемдену правосы берілсе де не берілмесе де, Германия-ның қарамағында немесе бақылауында болып келген, Біріккен Ұлттардың барлық кемелері одақтастардың өкілдері көрсеткен порттарға не базаларға сол өкілдер белгілеген мерзімдерде баруға тиіс.

5-СТАТЬЯ

а) Германияның өзінің немесе Германияның бақылауындағы неқарамағында-ғы қарулы күштердің қолындағы төменде аталған заттардың бәрі әрқайсысы зиян келтірілмей, жақсы сақталуға және одақтастардың бұған белгілеген өкілде-рінің қарамағына олар көрсеткен мерзімдер мен тиісті жерлерде тапсыруы керек:

1) Барлық қару-жарақтар, оқ-дәрілер, жарылғыш заттар, соғыс жабдықта-ры, складтар, запастар және басқа әртүрлі соғыс қарулары мен басқа соғыс ма-териалдарының бәрі;

2) Су бетіндегі, су астындағы, әртүрлі соғыс-теңіз кемелерінің, көмекші со-ғыс-теңіз кемелерінің бәрі және жүзіп жүрген, жөндеіп жатқан, салынған немо-се салынып жатқан сауда кемелерінің бәрі;

3) Самолеттердің барлық түрі, авиация және әуе шабуылына қарсы қолда-нылатын жабдықтар мен орындарының бәрі;

4) Жер бетіндегі, судағы және әуедегі байланыс, тасымал жабдықтары мен құралдарының бәрі;

5) Соғыс орындары мен мекемелерінің бәрі, оның ішінде аэродромдар мен су авиация базалары, порттар және соғыс-теңіз базалары, складтар, ішкі және теңіз жағалауындағы тұрақты, уақытша бекіністер, қамалдар және басқа бекініс аудандары мұндай барлық бекіністердің, орындардың және мекемелердің жоспары мен сызылған үлгілерімен бірге;

6) 1, 2, 3, 4 және 5-пункттерде жоғарыда көрсетілген материалдар мен құ-ралдарды жасауға және оған көмектесуге не оларды қолдануға көмектесуге бас-қа жолмен арналған барлық фабрикалар, заводтар, мастерскойлар, зерттеу ин-ституттары, лабораториялар, сынау станциялары, техникалық мәліметтер, патент-тер, жоспарлар, сызылған үлгілер және жаңалықты өнер үлгілері;

в) Одақтастар өкілдерінің талап етуі бойынша:

1) «а» пунктінде көрсетілген 6 категорияның қайсысына болса да кіретін мүліктерді сақтауға немесе пайдалануға керекті жұмысшы күші, жабдықтар бе-ріп қызмет істеуге тиіс;

*Советтік Социалистік Республикалар Одағы
Үкметінің тапсыруы бойынша Германиядағы со-
вет әскерлерінің Бас қолбасшысы Советтер
Одағының Маршалы Г. К. ЖУКОВ.
Біріккен Корольдік Үкметінің тапсыруы
бойынша фельдмаршал Б. Л. МОНТГОМЕРИ.*

дарының бәрі, одақтастар өкілдерінің ауырығы бойынша пайдаланылғанда болма-са, басқа реттерде хабар таратуды тоқтатуға тиіс.

10-СТАТЬЯ

Бұл Декларацияның және оған сәйкес шығарылатын барлық прокламация-лардың бұйрықтардың, жарлықтардың және нұсқаулардың ережелері Германияда-ғы не оның бақылауындағы, оның қызметіндегі немесе оның қарамағындағы же-не қандай да болса одақтас мемлекетпен соғыс жағдайындағы әрбір басқа елдің меншігіндегі қарулы күштер, самолеттер, соғыс мүлкі және басқа меншік жөнін-де қолданылады.

11-СТАТЬЯ

а) Одақтастардың өкілдері көрсеткен нацистердің жоғарғы басшылары және соғыс жөнінде не басқа сондай қылмыс істеді, мұндай қылмыс істеуге басқала-рды азғырды не ол туралы бұйрық шығарды деп сезіктенуі себепті, одақтастар-дың өкілдері уақыт-уақыт аттарын, дәрежелерін, қызмет лауазымын немесе қызмет орнын көрсетіп отыратын адамдардың бәрі тұтқынға алынып, одақтастар-дың өкілдеріне тапсырылады.

в) «а» пунктіндегі қағида өз елінің заңына қарсы қылмыс істеді деп айыпталған және аты-жөнін, дәрежесін, лауазымын немесе қызмет орнын одақ-тастардың өкілдері қай уақытта болса да көрсете олатын Біріккен Ұлттардың әрбір азаматына қолданылады.

с) Германияның өкмет орындары мен халқы мұндай адамдарды тұтқынға алу және ұстап беру туралы одақтастардың өкілдері шығаратын бұйрықтарды орындап отырады.

12-СТАТЬЯ

Одақтастардың өкілдері қарулы күштерді және азаматтық қызмет орындарын өздерінің ұйғаруына Германияның әр-бір жеріне және барлық жерлеріне орналастырады.

13-СТАТЬЯ

а) Советтік Социалистік Республикалар Одағының Біріккен Корольдіктің, Америка Құрама Штаттарының Үкметтері және Француз Республикасы Уақытша Үкметі өздерінің қолына алған Германия жөніндегі жоғарғы өкмет билігін жүзеге асырғанда одақтас төрт үкмет, келешіктегі бейбітшілік пен хауісіздік үшін өз-дері керек деп тапқан шараларды, оның ішінде Германияны толық қарусыздан-дыру және жарақсыздандыру шараларын қолданады.

в) Одақтастардың өкілдері Германияға, оның толық жеңілуі нәтижесінде туы-тын қосымша таланттар, саяси, әкімшілік, шаруашылық, финан-с, соғыс жөнінде және басқа таланттар қояды. Одақтастардың өкілдері немесе өздерінің өкілдігі бойынша іс етуге тиісінше тағайындалған басқа адамдары, не болмаса басқа орындары осындай қосымша таланттар белгілеу және осы Декларацияның басқа ережелерін жүзеге асыру мақсатымен прокламациялар, бұйрықтар, жарлықтар және нұсқаулар шығарып отырады. Германияның барлық өкмет орындары мен халқы одақтастар өкілдерінің барлық талаптарын сөзсіз орындап отыруға, бұл прокламациялардың, бұйрықтардың, жарлықтардың және нұсқаулардың бәрине толық бағынуға тиіс.

14-СТАТЬЯ

Бұл Декларация төменде көрсетілген күн мен сағатта күшіне кіреді. Егер Германияның өкмет орындары немесе халқы осы Декларация бойынша өздеріне жүктелген міндеттемелерді тез және толық орындамаса, ол уақытта одақтастардың өкілдері мұндай жағдайларда өздері қолайлы деп тапқан қандай шараларды болса да қолданады.

15-СТАТЬЯ

Бұл Декларация орыс, ағылшын, француз және неміс тілдерінде жазылды. Тек орыс, ағылшын және француз тілдерінде жазылғандары ғана түп нұсқа бо-лып есептеледі.

1945 жылғы 5 пюньде Берлин қаласында қол қойылды.

*Америка Құрама Штаттары Үкметінің тап-
сыруы бойынша армия генералы Д. ЭЙЗЕНХАУЭР.*

*Француз Республикасы Уақытша Үкметінің
тапсыруы бойынша генерал Делатр де ТАССИНЬИ.*

түстік-батыс аймағы, француз республикасына батыс аймағы беріледі. Өрбір мақтағы оккупациялау күштері тиісті мемлекет тағайындаған Бас қолбасшыға ғынады. Төрт мемлекеттің орқайсысы өзінің ұйғаруы бойынша, өзінің Бас қолбасшының басқаруымен оккупациялау міндеттерін атқаратын барлық күштері қатарына, Германияға қарсы соғыс қылмыстарына белсенді қатысқан бас-әрбір одақтас мемлекеттің қарулы күштерінен көмекші әскер қосып, ала-ала-

2. «Ленин Берлин» ауданында төрт мемлекеттің орқайсысының қарулы күші тұрады. Бұл ауданды бірлесіп басқару үшін, тиісті Бас қолбасшылар тағайындайтын төрт комитеттен одақтастар аралық комитет құрылады.

Советтік Социалистік Республикалар Одағы, Біріккен Корольдік, Америка Құрама Штаттары Үкіметтерінің, француз Республикасының, Уақытша Үкіметінің басқа Біріккен Ұлттардың Үкіметтерімен кеңесі туралы мәлімдемесі

1945 жылғы 5 июньде Берлинде жарияланған Германияның жеңілуі туралы шартына Советтік Социалистік Республикалар Одағының, Біріккен Корольдік және Америка Құрама Штаттарының үкіметтері, Француз республикасының уақытша үкіметі Германия жөніндегі жоғарғы өкімет билігін өз қолдарына алды. Төрт мемлекеттің үкіметтері осы мәлімдемесімен, бұл өкімет билігін жүзеге асыру-байланысты өздерінің басқа Біріккен Ұлттардың үкіметтерімен кеңесіп отыру-мәліметіндіктерін білдіреді.

Төтенше мемлекеттердің Жоғарғы командованиелері өкілдерінің алғашқы кездесуі

БЕРЛИН, 5 июнь. (ТАСС-тың арнаулы шісімен). Бетонды жолда құрметті қарап сапқа тұрды. Темельгоф аэродромы жетер Одағының, Америка Құрама Штаттарының, Ұлы Британия мен Фран-ның мемлекеттік жалауларымен бөлек Германияны оккупациялау жөніндегі ұлғау Кеңесіндегі одақтас мемлекеттер өкілдері келіп.

Москва уақытымен таңертеңгі 10 сағат минут. Әуеде мотордың тұрғызылған сым өсті. 13 америкалық самолеті аэро-ром үстінде айнала ұшып, бірінен соң бірі жерге қалы Кеңесші Мерфи, гене-рал Блейк, адмирал Горилейді тағы бас-офицерлерді ертіп армия генералы Эй-хауэр бірінші машинадан түсті. Эйзен-гарді армия генералы Соколовский, Со-вет Одағы саяси кеңесшісінің өкілі ті А. А. Смирнов, Берлин қаласының кеңесшісі генерал-полковник Бессарин, ерал-лейтенант Бонор тағы басқалар ісы алды.

Микрофон алдында сөз сөйлеген гене-рал Эйзенхауэр жанды жиямды. —Бүгін таңертең мен бір топ америка-лық офицерлермен бірге Темельгоф аэродро-на келіп түстім. Біз Маршал Жуковқа ақ ретінде келдік. Жұмыс ғана аяқ-тан соғыс қылмыстары кезінде

Батыс Армия жеңіп алған жерге айтанды рет келіп түсуіне өзімді бақыт-тымын деп санаймын. Бұл—мұнда болып, Германияны тізе бүктіру үшін көп еңбек сіңірген ұлы армияның басшылары мен командирлерін өз көзімен көріп, құттық-тау ұлы аброй.

Оркестр америка және совет күйлерін орындады.

Генерал Эйзенхауэр құрметті қарауыл-ды аралап өтті. Бұдан кейін құрметті қа-рауыл солтанатты жорық шаршымен сап-қа тізіліп жүрді.

Генерал Эйзенхауэр қарауыл бастығы —Советтер Одағының Батыс гвардия майоры В. Демченкоға ағыс айтып, ар-мияның күш-қуатын құрметті қарауыл-дың мұндай қолы бейнелегендігін ешқа-шаңда қарметендігін мәлімдеді.

Эйзенхауэр және оған ерліп келген адам-дар залға жетті.

Жаппай бір топ самолет жерге келіп-қалды. Бұл 1-Француз армиясының қол-басшысы генерал Делатр Де Тассини бас-таған француз өкілдері еді.

Салтанатты кездесуден кейін француз өкілдері өздерінің түсетін жеріне жүріп-кетті.

Аэродром үстінде Ұлы Британияның айырмашылық белгісі бар бір топ само-

леттердің көпжөсі. Бұл тақрибені ой-ыл да кең қолданаңыз, сөйтіп, пар-жырту жоспарын деркесінде орындап-шығамыз.

Қ. ЖАҢЫПОВ.

АРАМ ШӨП ОТАУҒА БЕЛСЕНЕ ҚАТЫСУДА

Чанаев атындағы ауыл шаруашылық артелінің (Соколов ауданы) мүшелері Қа-зақстанның 25 жылдығы атындағы бүкіл халықтық социалистік жарысты өрістетіп отырып, егіннен мол өнім алудың берік негізін қалауда. Олар көктемгі егіс жос-парын дер кезінде 15 майда толық орын-дан шыққан болатын.

Колхозшылар егістен кейінгі ауыл ша-руашылық жұмыстарының бәрін ойдағы-дай ұштастыра жүргізуде. Қазір колхозда егінді күтіп, баптау жұмысы қызу өріс алды. Елена Жульдинова жолдастың бас-қаруындағы звено мүшелері екі күнде 50 гектар егінді арам шөптен арылтты.

Колхозда арам шөп отауға күн сайын 20—30 адам шығады.

Е. ЖҰҢҒІРОВ.

лет ұшып келді. Бұл өзінің штаб бас-тығы, жоғары дәрежелі бір топ офицер-лер және кеңесші Странглен бірге ұшып келген фельдмаршал Монтгомери еді. Сә-ломоскопеннен кейін, Монтгомери мен Со-ловский құрметті қарауылды аралап өт-ті. Фельдмаршал және оған ерліп келген адамдар бұдан кейін аэродромнан аттан-ды. Одақтас төрт елдің мемлекеттік жалау-ларымен безелген Берлин көшелерінен өтіп, ағылшындар Германияны оккупация-лау жөніндегі Басқару Кеңесінің мәжілісі болатын үйге қарай жөнелді.

Берлиннің қала маңындағы Венденшлее-де 17 сәуірде бұл төрт мемлекет төрт мем-лекеттің Жоғарғы Бас Командованиелері-нің өкілдері: Германиядағы совет әскер-лерінің Бас қолбасшысы Советтер Одағы-ның Маршалы Г. К. Жуков бастаған Со-веттер Одағының өкілдері, армия генера-лы Т. Эйзенхауэр басқарған Америка Құрама Штаттарының өкілдері, фельдмар-шал В. А. Монтгомери бастаған Біріккен Корольдік өкілдері және генерал Делатр Де Тассини басқарған Француз Респу-бликасы Уақытша Үкіметінің өкілдері кел-ді.

Маршал Жуковтың шақыруы бойынша одақтастар өкілдері мәслихат залына кел-іп кірді. Ішкі одақтас мемлекеттердің ұлт-жалауларымен безелген залдың орталы-ғында жасын шұға жабылған үлкен дөң-гелек үстел тұр. Үстелдің ортасында төрт жалау—совет, америка, ағылшын, фран-

цуз жалауы күндеріндегі ерлік іс-тері туралы мақалалар мен очерктерді егіншілерге оқып, насихаттап отырды. Бес күнде бір рет листоктар, он күнде бір қабырға газеттері шығарылды. Оларда таңдаулы атамдардың іс-шаралары сі жазылып, жұртшылық игілігіне айнал-дырылды. Осының нәтижесінде совет жұмысшылары көктемгі егістің алғашқы күнінен бастап-ақ алған міндеттемелерін аброймен орындау ісіне жаппай жұмыс-ды.

Бұл жөнінде мынадай мысал келтіру-ге болады. Екінші бөлімшенің тракторшы-сы Николай Коробов жолдас тракторшы-болып үзбестен 10 жыл қызмет істейді. Ол көктемгі егістің алғашқы күндерінде жас тракторшылардан қалып қойды. Үгіт-шілер жауынгерлік листоктар мен қабыр-ға газеттері арқылы Коробов жолдасын берілген тапсырманы орындауға мүмкін-шілігі бар екенін, оның бұл мүмкіншілік-ті толық пайдалану ісіне немқетті қара-ғанын, соның салдарынан трактордың бөгде себептермен босқа тұруы көп екен-дігін қатты сынға алды. Бұдан кейін, Коробов жолдас сындағы көрсетілген кем-

екіншілерінің игілігіне айналдыру үшін күш жұмсалды. Міне соның нәтижесінде совет жұмысшысы 25 майда көктемгі егіс жос-парын 104,2 процент орындады. Бұл егіс жұмыстары өткен жылғымен салыс-тырғанда 17 күн бұрын аяқталды.

Бірақ, алынған сөрт, берілген уәде осымен ғана орындалым деуге болмайты. Партия ұйымының алдында әлі де болса бірнеше күрделі міндеттер тұр. Көктемгі егісті жоғары сапала өткізу—егіннен мол өнім алуың тек бастамасы ғана. Сондық-тан, партия ұйымы егінді тыңғылықты күтіп баптау ісіне совет жұмысшының бар-лық мүмкіншіліктерін толық жұмылды-руы қажет. Міне, сонда ғана алынған міндеттемесі аброймен орындап, респу-бликамыздың дақты мерекесін лайықты табыстармен қарсы ала аламыз. Бұл үшін бізде сенім зор.

Я. КРАВЧЕНКО.

Совет ауданының Киров атындағы ас-тық совхозы партия ұйымының секретарі.

ТЫНЫҚ МҰХИТТАҒЫ СОҒЫС

ЛОНДОН, 7 июнь. (ТАСС). Рейтер агент-тігінің хабары бойынша, америка әскер-лерінің артиллерия мен авиацияның жау-ға қарсы есептеп соққы берген көмегі әе-дасында Минданао аралына келіп түскен-дігін одақтастардың Тынық мұхиттың оң-түстік-батыс бөлегіндегі қарулы күштері бірлескен командованиесінің штабы хабар-еткен. Американың екінші бір бөлімдері Минданао аралының оңтүстік-шығыс шет-аймағындағы бір аралға әскер түсірген. Лусон аралында америка бөлімдері Па-галайға қарай алға басқан.

ВАШИНГТОН, 7 июнь. (ТАСС). Окина-ва аралында Американың теңіздік жалау-әскер бөлімдерінің Наха қаласы ауданы-дағы барлық аэродромдарды алғандығын АҚШ-тың Тынық мұхиттағы флотының штабы хабар етті.

ВАШИНГТОН, 7 июнь. (ТАСС). Бүгін Американың аса қуатты бірнеше жүзле-ген «Ушусы қамал» бомбашыларының Жапонияның өнеркәсіпті қаласы Осака-шабуыл жасағандығын АҚШ-тың соғыс-министрілігі хабар етті.

Норвегия королі еліне жүріп кетті

ЛОНДОН, 7 июнь. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, Норвегия королі Хокон көше Англиядан Норвегияға жүріп кетті.

Гитлершіл гаулейтер Вагнердің өзін-өзі өлтіруі

ПАРИЖ, 7 июнь. (ТАСС). Жақын ара-да генерал Делатр де Тассинидің әскер-лері қолға түсірген Эльзастағы гитлер-шіл гаулейтер Вагнердің түрмеге жабу-үшін апарылған жерде, Парижде өзін-өзі өлтіргендігін Франс Пресс агенттігі хабар етті.

ШЕТЕЛ ХАБАРЫ

Канаданың авиация министрі Гиббон Канада әуе күштерінің қатарындағы әс-керлердің санын 100 мың адамға дейін азайту жөнінде жоспар жасалғандығын хабарлады.

Скопье (Югославияда) фашистік қылмысшылар Раевке, Кутингевке, Чка-ртов пен Джузелевке сот бола бастады. Сотталатындар фашистік насихатты белсене жүргізіп, халықты жаңнай геста-по қолына тапсырған және жазалаушы отрядтарды ұйымдастыру ісінде зор бел-сенділік көрсеткен. (ТАСС).

Жауапты редактор
В. ОСПАНОВ.